

**«Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің экологиялық проблемаларды
шешу және Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі
бойынша қабылдап жатқан шаралары туралы» тақырыбында
2013 жылғы 7 қазанда өткен
Үкімет сағатының қорытындылары бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Үкімет сағатында Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің баяндамасын тыңдап, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 2 қыркүйекте Парламенттің үшінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде айтылған тапсырмаларын іске асыру, алдағы уақытта Астанада ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін өткізуге дайындалу мақсатында Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мыналарды **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамада айқындалған нысаналы көрсеткіштерге 2014-2020 жылдар кезеңінде әр жылға бөле отырып, кезең-кезеңмен қол жеткізу мәселесін қарастырсын.

2. ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін ұйымдастырып, өткізу үшін қажетті нормалары бар Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Парламентке енгізуді жеделдетсін.

3. Жойылған құқық бұзушылықтарды, енгізілген тазартқыш жүйелерді (кұрылыстарды) және соның арқасында қоршаған ортаның сапасын жақсарту жолында қол жеткізілген нақты нәтижелерді ой елегінен өткізу арқылы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің бақылау-инспекциялық қызметін бағалау жүйесін қайта қарайтын болсын.

4. Парниктік газдардың шығарындыларын азайту бойынша пост-Киото келісімдеріне қатысты Қазақстанның саясатын айқындасын және соның негізінде ұлттық парниктік газдар шығарындыларын саудалау жүйесін одан әрі дамытудың орындылығын қарастырсын.

5. Ұлттық парниктік газдар шығарындыларын саудалау жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Парламентіне парниктік газға – қос тотықты көміртегіне салық салуды болғызбайтын заң жобасын енгізісін.

6. «Жасыл көпір» Әріптестік бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

7. Орындалған табиғат қорғау іс-шараларының сапасын жалпы шығарындылар (төгінділер) негізінде емес, қоршаған орта сапасының көрсеткіштері негізінде бағалау жүйесін әзірлесін.

8. Гидротехникалық құрылыстардың (плотиналардың) қауіпсіздігін заңнамалық және ұйымдық тұрғыдан қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлесін.

9. Елдің су айдындарындағы балық қорын толықтыру және олардың тиімсіз пайдаланылуын болғызбау жөніндегі мәселені қарап, ол бойынша іс-шаралар әзірлесін.

10. Мүдделі министрліктермен табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаны ластағаны үшін жергілікті бюджетке түсетін төлемдерді нысаналы пайдалану мәселесін қарайтын болсын.

